

ONTÜSTIK QAZAQSTAN  
MEDISINA  
AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN  
MEDICAL  
ACADEMY

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»



## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы тобы: ВМ 086 Медицина

БББ коды: 6В10115

Білім беру бағдарламасының атауы : Медицина

Білім беру бағдарламасының деңгейі: бакалавриат- бейіндік магистратура

Шымкент, 2025



«Медицина» ББ АҚ  
Білім беру бағдарламасы

Сәйкес нөмері  
32 беттің 2 беті

6B10115 «Медицина» білім беру бағдарламасын «Медицина» ББ АҚ мүшелері әзірледі

**Жұмыс берушілермен келісілген:**

№7 ҚЕ бас дәрігері  Жанабаев Н.С.

№2 КА бас дәрігері  Позилов Б.

«Медицина» ББ АҚ төрағасы 

Хаттама № 4 «14» 03 2025 ж.



**Әдістемелік Кеңеспен мақұлдаған**

Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор  Анартаева М.У.

Хаттама № 9 «02» 05 2025 ж.

**Ғылыми Кеңеспен бекітілген**

Хаттама № 13 «02» 05 2025 ж.



ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медицина» ББ АК	36 беттің 3 беті
Білім беру бағдарламасы	

## Білім беру бағдарламасының паспорты

**1. Білім беру бағдарламасының миссиясы:** Өзін-өзі жетілдіруге және ғылыми зерттеулер жүргізуге қабілетті білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау.

**2. Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Жалпы мәдени, кәсіби және зерттеу құзыреттіліктер жүйесіне ие, практикалық қызметті атқаруға қабілетті болатын магистр-дәрігерді дайындау.

**3. Білім беру бағдарламасын негіздеу:**

**-білім алушылар үшін:** бакалавриат, интернатура және магистратура деңгейлерінің базалық дайындығын қамтитын үзіліссіз интеграцияланған медициналық білім беруді игерту. 6 жылдан кейін түлекке 6B10115 "Медицина" білім беру бағдарламасы бойынша медицина магистрі, дәрігер біліктілігі беріледі.

**-еңбек нарығындағы тұтынушылық:** жоғары біліктілік және кәсіби табандылық, қажетті тәжірибелік және теориялық білімдердің болуы, құзыреттілік, бақылау қабілеттігі және көрегенділігі, дамыған клиникалық ойлау қабілеті және бейімділік сияқты қасиеттерге ие болатын кадрлармен қамтамасыз ету.

**4. Білім беру бағдарламасы негізделген кәсіби стандарты:**

*Білім беру бағдарламасын өңдеуге арналған нормативтік құжаттар*

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы 04.07.2022 ж. №63 бұйрығы» (26.06.2025 ж. №61 өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығы (04.03.2025. № 90 өзгерістер мен толықтырулармен);

-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» 25.01.2024 ж. № 46 бұйрығы» (Кәсіптік стандарт: "Жалпы дәрігерлік практика /Отбасы медицина");

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығы (2023 жылғы 20 ақпандағы № 66 өзгерістер мен толықтырулармен);

-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 04.07.2022 ж. №63 бұйрығы;

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медицина» ББ АҚ	36 беттің 4 беті
Білім беру бағдарламасы	

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтардың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 09.01.2023 ж. № 4 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрінің «Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беруді кезеңдік енгізуді бекіту туралы» 08.08.2022 ж. №661 бұйрығы;
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 07.07.2020 жылғы № 360-VI Кодексі (04.07.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 ж. 27 шілдедегі № 319-III Заңы (04.07.2022 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.10.2013 ж. № 420 бұйрығы (29.12.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығы (05.06.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Клиникалық мамандықтар бойынша үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы» 30.01.2008 ж. № 27 бұйрығы (14.05.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Тиісті үлгідегі және типтегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 30.10.2018 ж. № 595 бұйрығы (29.12.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, АМ МЖӘБ директорының «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық» 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 бұйрығы;
- «ОҚМА» АҚ «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі мен өңдеу әрекеттері туралы ереже» 22.04.2024 ж.
- «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттары.

**5. Кәсіби қызмет саласы:** 6В10115 «Медицина» білім беру бағдарламасын игерген түлектердің кәсіби қызмет саласы ересектер мен балаларға арналған медициналық жәрдем көрсету арқылы тұрғындар денсаулығын сақтауды қамтиды.

**6. Кәсіби қызмет салалары:**

- денсаулық сақтауды басқару ұйымдары;
- денсаулық сақтау ұйымдары;
- білім беру ұйымдары;
- ғылым ұйымдары;
- әлеуметтік қорғау ұйымдары;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медицина» ББ АҚ		36 беттің 5 беті
Білім беру бағдарламасы		

- ересектер мен балалар;
- тұрғындар денсаулығын сақтау үшін жағдайларды құруға бағытталған құралдар мен технологиялардың жиынтығы.

***Кәсіби қызмет түрлері:***

- емдік-профилактикалық және диагностикалық;
- ұйымдастыру-басқару;
- ғылыми-зерттеу;
- педагогикалық.

### Жалпы мағлұмат

№	ББ сипаттамасы	Мәлімет
1	Тіркеу нөмірі	6B10100121
2	Білім беру саласының коды және жіктелінуі	6B10 Денсаулық сақтау
3	Дайындау бағыттарының коды және жіктелінуі	6B101 Денсаулық сақтау
4	Білім беру бағдарламаларының тобы	BM 086 Медицина
5	Білім беру бағдарламаның коды, атауы	6B10115 Медицина
6	ББ түрі	Жаңартылған ББ
7	ББЖХС бойынша деңгей	
8	ҰБШ бойынша деңгей	7
9	БСН бойынша деңгей	7
10	ББ айқындайтын ерекшеліктері	Үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламасы
	Серіктес-ЖОО(ББББ)	-
	Серіктес-ЖОО (ЕДБББ)	-
11	Құзыреттіліктер тізімі	<p><b>1 НҚ. Медициналық білім:</b> Білікті медициналық көмек көрсету үшін кәсіби және ғылыми медициналық білімнің синтезі.</p> <p><b>2 НҚ. Коммуникациялар:</b> Науқас үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін науқаспен, оның айналасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді қарым-қатынас жасау.</p> <p><b>3 НҚ. Клиникалық дағдылар:</b> Күрделіліктің базалық санатындағы білікті медициналық көмекті жүзеге асыру. Халыққа күрделілігі екінші санаттағы білікті медициналық көмек көрсету стратегиясын айқындау.</p> <p><b>4 НҚ. Кәсібилік:</b> Денсаулық сақтау ұйымдарындағы қызметті үйлестіру. Шешім қабылдау және білікті медициналық жәрдем көрсету үшін жауапкершілікті алу қабілеті.</p>

		<p><b>5 НҚ. Жеке және кәсіби даму:</b> үздіксіз жеке және кәсіби өсуді қолдау үшін қажетті қасиеттерді көрсету, үздіксіз өзін-өзі бағалау және өмір бойы білім алу негізінде медициналық көмек сапасын үздіксіз жақсарту.</p> <p><b>6 НҚ. Нормативтік-құқықтық білім:</b> Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет жасау қабілеті.</p> <p><b>7 НҚ. Зерттеулер:</b> Өзінің кәсіби қызметінің нәтижелерін зерттеу және бағалау, ғылыми деректерге негізделген ауруларды диагностикалау принциптерін қолдану қабілеті. Биоэтиканы ескере отырып, денсаулық сақтауда зерттеудің заманауи әдістерін қолдану және клиникалық тәжірибеге енгізу</p>
12	Оқыту нәтижелері	<p><b>1 ОН.</b> Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінезқұлық ғылымдар саласындағы негізгі білімдерді тәжірибеде қолдана алады.</p> <p><b>2 ОН.</b> Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінезқұлық ғылымдар саласындағы кең таралған аурулардың диагностикасына, емдеуіне және алдын алуына бағытталған науқас-орталықтанған күтімді қамтамасыз етеді.</p> <p><b>3 ОН.</b> Сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін өз қызметін ҚР Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырады.</p> <p><b>4 ОН.</b> Тиімді ақпарат алмасуға және ынтымақтастыққа әкелетін этика ережелерін, деонтологияны және инклюзия принциптерін сақтау негізінде науқастармен, олардың отбасыларымен және медицина қызметкерлерімен тиімді қарым-қатынас жасайды.</p> <p><b>5 ОН.</b> Клиникалық диагнозды тұжырымдау, дәлелді тәжірибеге негізделген емдеу жоспарын тағайындау дағдыларын көрсетеді.</p> <p><b>6 ОН.</b> Дәлелді медицина қағидаттары негізінде амбулаториялық қабылдауды, диагностиканы, емдеуді, балалар мен ересек жастағы пациенттерді, оның ішінде жүкті әйелдерді динамикалық бақылауды және оңалтуды жүргізеді.</p> <p><b>7 ОН.</b> Денсаулық сақтау, қоршаған орта қауіпсіздігі ұйымдарында қоғамдық денсаулық сақтау, санитарлық-гигиеналық тәртібінің және еңбек қауіпсіздігі нормаларын ескереді.</p> <p><b>8 ОН.</b> Шұғыл және өмірге қауіп төндіретін жағдайларда білікті және шұғыл медициналық көмек</p>



		<p>көрсетеді.</p> <p><b>9 ОН.</b> Денсаулық сақтауды цифрландыру шеңберінде медициналық қызмет көрсету үдерістерін құжаттауды және медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруды қамтамасыз ете отырып, ҚР Денсаулық сақтау жүйесінің электрондық базаларында жұмыс істейді.</p> <p><b>10 ОН.</b> Үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу және дамыту негізінде медициналық практикада ғылыми принциптерді, әдістер мен білімді қолданады.</p> <p><b>11 ОН.</b> Жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін және ғылыми деректерге негізделген өзінің кәсіби қызметін талдайды.</p> <p><b>12 ОН.</b> Биоэтиканы және барлық этикалық нормаларды сақтауды ескере отырып, үлкен деректерді өңдеу мен талдауды, медициналық бейнелерді өңдеуді, ауруларды диагностикалауды қоса алғанда, жасанды интеллектті пайдалана отырып, өзінің кәсіби қызметінде заманауи зерттеу әдістерінің нәтижелерін қолданады.</p> <p><b>13 ОН.</b> Жасырын заңдылықтарды анықтау, тәуекелдерді болжау үшін озық технологияларды қолдана отырып, халық денсаулығының көрсеткіштерін және оның физикалық, радиологиялық, химиялық және биологиялық-экологиялық детерминанттарын бағалайды</p> <p><b>14 ОН.</b> Халықтың денсаулығын нығайту, денсаулықты сақтау және аурулардың алдын алу бойынша санитарлық ағарту іс-шараларын жүргізеді.</p>
13	Оқыту формасы	Күндізгі
14	Оқыту тілі	Қазақ, орыс және ағылшын
15	Кредиттер көлемі	360
16	Тағайындалатын дәреже, біліктілік	Медицина магистрі, дәрігер
17	Оқу мерзімі	6 жыл
18	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның болуы	KZ73LAA00011788
19	БББ аккредиттеуінің болуы	Иә



«Медицина» ББ АҚ	36 беттің 9 беті
Білім беру бағдарламасы	

	Аккредитация жүргізетін ұйымның атауы	НУ «Аккредитациялау және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» IAAR
	Аккредитация жөніндегі куәлік № аккредитация жарамдылық мерзімі	Бакалавриат - № АВ 5420, 21.06.2024 ж. - 20.06.2029 ж. Магистратура - № АВ 5420, 21.06.2024 ж. - 20.06.2029 ж.
20	Пәндер жөнінде мәлімет	1.2 қосымша



Қосымша 1.2

**Құзыреттіліктерге/ оқыту нәтижелеріне жеткізу матрицасы**

№	Пән атауы	Пәннің қысқа мазмұны	Циклі (ЖБП, БП, БнП)	Компоне нті (МК, ЖК, ТК)	Кредит саны	Қалыпта- сатын ОН (коды)
<b>Жалпы білім беретін пәндер циклі</b>					<b>46</b>	
1	<b>Қазақстан тарихы</b>	Қазақстан тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау, сондай-ақ, Қазақстан тарихы оқиғаларының себептері мен салдарын талдау үшін тарихи сипаттаудың әдістері мен әдістерін қолдану дағдылары негізінде болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру.	ЖБП	МК	5	ОН 1 ОН 10
2	<b>Дене тәрбиесі</b>	Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына бағдарланған, өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру дағдылары арқылы бәсекеге және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.	ЖБП	МК	6	ОН1 ОН14
3	<b>Шет тілі</b>	Шет тілінде коммуникация, өзін-өзі жетілдіру және кәсіби жетістік бағдарламаларын құру үшін грамматикалық білім жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастыру; тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін шет тілінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасау; қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпаратты талдау және тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас	ЖБП	МК	8	ОН1 ОН4

		жасау қабілетін жетілдіру.				
<b>4</b>	<b>Қазақ (орыс) тілі</b>	Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ және орыс тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру; қазақ және орыс тілдерінде қарым-қатынас жағдайына және тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас қабілетіне сәйкес ақпаратты талдау; қазақ және орыс тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құру үшін грамматикалық білім жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалану және орыс тілдерінде, кәсіби жетістіктер мен өзін-өзі жетілдіру.	ЖБП	МК	8	ОН1 ОН4 ОН10
<b>5</b>	<b>Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар</b>	Өз өмірі мен қызметінің барлық салаларында заманауи технологияларды игеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру дағдыларын қалыптастыру; жеке қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін пайдалану: интернет-ресурстар, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату жөніндегі бұлтты және мобильді сервистер және т. б.	ЖБП	МК	3	ОН 1 ОН 4 ОН 9
<b>6</b>	<b>Философия</b>	Табиғат пен қоғамды ғылыми түсінуді қамтамасыз ететін философия негіздерін білу арқылы қоршаған шындықты бағалау дағдыларын дамыту; мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымдарды түсіндіру; әлеуметтік құбылыстар мен мәселелерді сандық және сапалық талдау әдістерін меңгеру.	ЖБП	МК	5	ОН1 ОН 4 ОН 10

7	<b>Әлеуметтік-саяси білім модулі</b> (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	Алған білімдерін өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтену және бейімделу үшін қолданады. Әлеуметтік процестерді талдауға, ақпаратты сыни тұрғыдан түсінуге, әртүрлі салаларды зерттеудің социологиялық әдістерін қолдануға қабілетті. Психологиялық құбылыстарды логикалық және дәлелді талдау дағдыларына ие. Әлеуметтік маңызды мәдени білімдерді, инклюзияның психологиялық негіздерін және теңдік пен айырмашылықтарды қабылдау принциптерін қабылдауға және түсіндіруге, оларды жеке және кәсіби қызметте қолдануға қабілетті.	ЖБП	МК	6	ОН1 ОН2 ОН4
8	<b>Құқықтық, қаржылық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер</b>	Экономикалық, қаржылық, құқықтық, экологиялық және ғылыми білім негізінде өзінің адамгершілік және азаматтық ұстанымын қалыптастыру; өмір бойы өзін-өзі дамыту және білім беру, қазіргі әлемдегі ұтқырлық және сыни ойлау үшін қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, қаржылық ,құқықтық және этикалық нормаларымен жұмыс істеудің жалпы құзыреттері; нақты ғылымды зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілдерін қолдану дағдылары.	ЖБП	ТК		ОН1 ОН3 ОН4 ОН10
	<b>Құқық және экономика негіздері*</b>	Қазақстан Республикасының конституциялық, әкімшілік, азаматтық және отбасылық, қаржылық және еңбек, экологиялық және жер және қылмыстық құқықтарының негіздері бойынша білімді қалыптастыру. Нарық және бәсекелестік. Ақша және инфляция. Ақша-несие жүйесі. Қаржы жүйесі және фискалдық саясат. Қазақстан Республикасында ұлттық экономиканың даму ерекшеліктері. Бизнес-идея мен Стартапты таңдау, кәсіпкерлік қызмет жүйесіндегі бизнес-жоспарлау, бизнес-жоспардың мазмұны, оларды әзірлеу дағдылары. Құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі идеялар.	ЖБП	ТК	5	ОН1 ОН3 ОН10
	<b>Экология, тұрақты даму және тіршілік</b>	Экологиялық сауаттылықты дамыту: экологиялық, ғылыми білім және тұрақты даму негізінде, іскерлікті қалыптастыру: экологиялық	ЖБП	ТК		ОН1 ОН7

	<b>қауіпсіздігі, ғылыми зерттеу әдістері*</b>	проблемаларды талдау, қоршаған орта саласындағы проблемаларды қарау кезінде талдау және сыни ойлау дағдыларын дамыту, экологиялық проблемаларды анықтау және зерттеу, себеп-салдарлық байланыстарды іздеу және тиісті шешімдерді ұсыну; экологиялық зерттеулерді жүргізу және түсіндіру: деректерді жинау дағдылары, ақпаратты талдау және табиғи жүйелерді зерттеу үшін экологиялық әдістерді қолдану; қоршаған ортаның ластануына және оның адам ағзасына әсеріне байланысты мәселелерді талдау және шешу үшін экологиялық білімді қолдану. Ғылыми білімнің әдіснамалық негіздерін меңгеру. Ғылыми зерттеу әдістерін теория мен практикада қолдану.				ОН13
	<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және кәсіпкерлік дағдылар негіздері*</b>	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. "Сыбайлас жемқорлық" ұғымының теориялық-әдіснамалық негіздері. Саяси билік және сыбайлас жемқорлық. Непотизм. Қазіргі мемлекеттердегі сыбайлас жемқорлықтың трансформациясы. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және ондағы әлеуметтік саланың рөлі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін құқықтық жауапкершілік. Түрлі салалардағы сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін моральдық-этикалық жауапкершілік.	ЖБП	ТК		ОН1 ОН3 ОН10
<b>Базалық пәндер циклі</b>						<b>105</b>
9	<b>Мамандыққа кіріспе</b>	Интеграцияланған пән: медициналық білімді, моральдық және моральдық аспектілерді, дәрігердің кәсіби қызметін, денсаулық сақтауды ұйымдастыруды және емдеу-қорғау режимін қалыптастыру. Пайдалану дағдыларын қалыптастыру қауіпсіз күтім, пациенттермен, әріптестермен, отбасы мүшелерімен тиімді қарым-қатынас. Медициналық құқықты, пациенттердің	БП	ЖК	4	ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 10

		құқықтарын білу, заңды жауапкершілік, Қазақстан заңнамасын сақтау, өзін-өзі бақылауды дамыту, кәсіби дағдылар мен құзыреттілікті үздіксіз жетілдіру.				
10	<b>"Қауіпсіз күтім" оқу практикасы</b>	Пациентпен тиімді қарым-қатынас жасау, кәсіби міндеттерді сапалы орындау, өз қызметін үздіксіз жетілдіру мақсатында Өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. Пациентке жеке көзқарасты жүзеге асыру және пациентке бағытталған күтімді орындау. Пациенттерді қабылдау және санитарлық өңдеу. Науқастарды тасымалдау. Науқастың тамақтануы. Ауыр науқастарға күтім жасау. Жатын жараның алдын алу. Төсек жаймаларын ауыстыру. Стационардың санитарлық эпидемиологиялық режимі.	БП	ЖК	1	ОН2 ОН4 ОН5 ОН7
11	<b>Молекулалық биология және медициналық генетика</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> жасушалардың құрылымы, полиморфизм, биомембраналар, тіндердің ұйымдастырылуы, биопотенциалдардың молекулалық механизмдері, қышқыл-негіз күйлерін реттеу және олардың патологиядағы рөлі туралы білімдерді қалыптастыру. Тұқымқуалаушылық негіздерін, эмбриональды дамуды, ауытқуларды анықтау әдістерін және тұқымқуалаушылықтың ауру этиологиясына әсерін және технологияны қолдана отырып емдеуге ағзаның жауабын зерттеу.	БП	ЖК	6	ОН 1 ОН 11 ОН 13
12	<b>Химия</b>	Адам ағзасындағы химиялық процестер, биологиялық сұйықтықтардағы заттардың сандық құрамын анықтау және медициналық ерітінділерді дайындау үшін концентрация түрлері, медицинада қолданылатын органикалық қосылыстардың биологиялық рөлі туралы іргелі білімдерді қалыптастыру. Ауруларды диагностикалау мен емдеуге арналған сапалық және сандық талдаудың негізгі принциптері.	БП	ЖК	4	ОН 1 ОН 11

13	<b>Қалыпты тірек-қимыл аппараты және тері</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> пәнаралық және клиникалық өзара әрекеттесу үшін қажетті латын терминологиясын меңгере отырып, тірек-қимыл аппараты мен терінің анатомиялық, физиологиялық және гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімдерді қалыптастыру. Бұл білімді биомедициналық және клиникалық ғылымдарда қолдану, денсаулық сақтаудағы тиімді кәсіби тәжірибе үшін этика мен деонтология принциптерін сақтай отырып, науқасқа орталықтанған күтімді қамтамасыз ету.	БП	ЖК	6	ОН1 ОН2 ОН4
14	<b>Клиникаға кіріспе</b>	Науқастарға күтім жасауды, медициналық процедураларды орындауды, құжаттаманы жүргізуді, коммуникативтік дағдыларды дамытуды және этикалық нормаларды түсінуді, инклюзия қағидаттарын сақтауды, сапалы күтімді қамтамасыз етуді және ҚР Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасын сақтауды қоса алғанда, медициналық мекемелерде жұмыс істеу үшін кәсіби дағдыларды қалыптастыру.	БП	ЖК	3	ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 6
15	<b>«Палаталық және процедуралық медбикенің көмекшісі ретінде»оқу практикасы</b>	Пациенттерге дәрігерге дейінгі көмек. Медициналық ұйымдарда жұмысты ұйымдастыру. Пациентпен тиімді қарым-қатынас жасау, кәсіби міндеттерді сапалы орындау, өз қызметін үздіксіз жетілдіру мақсатында өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. Дәрілік заттарды қолдану тәсілдері. Процедуралық кабинеттің жұмысын ұйымдастыру. Инъекция әдісі. Зертханалық зерттеулер үшін қан, зәр алу техникасы. Пациенттерді рентген, аспаптық, ультрадыбыстық және басқа зерттеу әдістеріне дайындау	БП	ЖК	1	ОН2 ОН4 ОН5 ОН14
16	<b>Қалыпты жүйке жүйесі, сезу, көру, есту және тепе-теңдік мүшелері</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> жүйке жүйесінің, сезу, көру, есту және тепе-теңдік мүшелерінің анатомиялық, физиологиялық және гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімдерді қалыптастыру, осы білімді биомедициналық және клиникалық	БП	ЖК	5	ОН 1 ОН 2 ОН 4

		ғылымдарда қолдану. Ми мен жұлынның құрылымы мен қабығы. Жұлын нервтерінің плексусының қалыптасуы. Бас ми нервтерінің топографиясы. Мидың қарыншалары, ликвор айналымы. Ми мен жұлынның өткізгіш жолдары. Вегетативті жүйке жүйесі. Сезім, көру, есту және тепе-теңдік органдарының құрылымы.				
17	<b>Қалыпты жүрек-қантамыр жүйесі</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> жүрек-қантамыр жүйесінің анатомиялық, физиологиялық және гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімдерді қалыптастыру, осы білімді биомедициналық және клиникалық ғылымдарда қолдану, денсаулық сақтаудағы тиімді кәсіби практика үшін этика мен деонтология принциптерін сақтай отырып, науқасқа орталықтанған күтімді қамтамасыз ету.	БП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2 ОН 4
18	<b>Қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> ас қорыту органдары мен эндокриндік жүйенің анатомиялық, физиологиялық және гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімді қалыптастыру, бұл білімді биомедициналық және клиникалық ғылымдарда қолдану. Ас қорыту және эндокриндік жүйелер мүшелерінің анатомиясы.	БП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2 ОН 4
19	<b>Патологиядағы асқорыту және эндокриндік жүйесі</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> ас қорыту және эндокриндік жүйенің семиотикасы, синдромология, тексерудің физикалық әдістері, этиология, патогенез, морфогенезі бойынша іргелі білімдерді қалыптастыру, дәлелді медицина принциптерін және пациентке бағытталған тәсілді ескере отырып, ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың диагностикалық әдістері мен қасиеттерінің тиімділігін таңдау және талдау дағдыларын игеру	БП	ЖК	5	ОН 1 ОН 2 ОН 6 ОН 11
20	<b>Қалыпты несеп-жыныс жүйесі</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> несеп-жыныс жүйенің анатомиялық, физиологиялық және гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімдерді қалыптастыру, бұл білімді биомедициналық және клиникалық ғылымдарда қолдану, денсаулық сақтаудағы тиімді	БП	ЖК	3	ОН1 ОН 2 ОН 4

		кәсіби практика үшін этика мен деонтология принциптерін сақтай отырып, науқасқа орталықтанған күтімді қамтамасыз ету.				
21	<b>Қалыпты қан мен лимфа</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> қан мен лимфаның анатомиялық, физиологиялық және гистологиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімдерді қалыптастыру, бұл білімді биомедициналық және клиникалық ғылымдарда қолдану, денсаулық сақтаудағы тиімді кәсіби практика үшін этика мен деонтология принциптерін сақтай отырып, науқасқа орталықтанған күтімді қамтамасыз ету.	БП	ЖК	3	ОН 1 ОН 2 ОН 4
22	<b>Жалпы патология</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> ең көп таралған ауруларды диагностикалау үшін типтік жалпы патологиялық процестердің даму заңдылықтары туралы іргелі білімді қалыптастыру; Клиникалық-зертханалық деректерді патофизиологиялық талдау дағдылары, макро-және микропрепараттарды сипаттау, әртүрлі аурулардың алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық негіздерін түсіну. Алынған білім медициналық практикада микро және макро деңгейдегі патологиялық өзгерістерді дұрыс талдауға және түсіндіруге, сондай - ақ оларды алдын-ала диагноз қоюға, зерттеудің тиісті әдістерін таңдауға, патологиялық мәліметтер негізінде емдеу жоспарын жасауға қолдануға мүмкіндік береді.	БП	ЖК	5	ОН 1 ОН 2 ОН 11
23	<b>Биохимия</b>	Ферменттердің функционалды ұйымдастырылуы, метаболизмдегі мембраналардың рөлі, заттардың тасымалдану механизмдері, дәрумендер және олардың биологиялық рөлі, энергия алудың анаэробты жолдары, катаболизм, көмірсулар, липидтер мен ақуыздар алмасуы, сондай-ақ ақуыз алмасуының көрсеткіші ретінде азотты тепе-теңдік ұғымы туралы білімді қалыптастыру. Ауруларды диагностикалау мен емдеуге арналған талдау принциптері.	БП	ЖК	4	ОН 1 ОН 11

24	<b>Фармакология және рецептура негіздері</b>	Дәрілік заттардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасы, олардың жіктелуі, әсері, көрсетілімдері, қарсы көрсетілімдері, жанама әсерлері, дозалануы және рецепттерді латын тілінде ресімдеу ережелерін дәлелді медицина негізінде жедел көмек көрсету және ұтымды терапияны таңдау кезінде қолдану туралы іргелі білімдерді қалыптастыру.	БП	ЖК	3	ОН1 ОН6 ОН8
25	<b>Микробиология және иммунология</b>	Микроорганизмдердің морфофизиологиясы мен генетикасы, этиопатогенезі, иммунитеті, зертханалық диагностикасы, профилактикасы туралы білімді қалыптастырады, кейіннен Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтай отырып, иммундық жүйенің жұмыс істеу механизмдері мен диагностикасының иммунологиялық әдістерінің дағдыларын түсінуге ықпал етеді. Ауруларды диагностикалау және емдеу үшін нәтижелерді бағалау негізінде ғылыми білімді қолданады.	БП	ЖК	6	ОН1 ОН3 ОН7
26	<b>Патологиядағы несеп-жыныс жүйесі</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> несеп-жыныс жүйесінің семиотикасы, синдромология негіздері, физикалық зерттеу әдістері, этиология, патогенезі бойынша іргелі білімдерді қалыптастыру, дәлелді медицина және пациентке бағытталған тәсіл қағидаттарын ескере отырып, ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттардың диагностикалық әдістері мен қасиеттерінің тиімділігін таңдау және талдау дағдыларын игеру.	БП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2 ОН 6 ОН 11
27	<b>Өндірістік практика «Дәрігер-ординатордың көмекшісі ретінде-1»</b>	Этика мен инклюзияны ескере отырып, емдеу-диагностикалық манипуляциялардың, барлық жастағы науқастарға күтімнің практикалық дағдыларын игеру, алдын ала клиникалық диагнозды тұжырымдау. Сапалы медициналық көмекті қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтауды цифрландыру жағдайында тиімді коммуникацияны, өзін-өзі бақылауды, кәсіби жауапкершілікті және	БП	ЖК	3	ОН4 ОН5 ОН6 ОН9 ОН10

		құжаттаманы жүргізуді дамыту.				
28	<b>Қоғамдық денсаулық сақтау және дәлелді медицина негіздері</b>	ҚР халқының денсаулығын сақтау саясаты, денсаулық сақтау құрылымдарының қызметі, медициналық көмек түрлері, нормативтік-құқықтық аспектілері, этика және деонтология бойынша білімдерді қалыптастыру. Дәлелді медицина қағидаттары, науқасқа орталықтанған тәсіл, алдын алу негіздері, санитарлық-гигиеналық нормалар және халықтың денсаулығын нығайту үшін санитарлық-ағарту жұмыстары игеру.	БП	ЖК	7	ОН3 ОН4 ОН7 ОН14
29	<b>Балалар ауруларының пропедевтикасы</b>	Балаларды тексеру әдістері, балалардың физиологиялық ерекшеліктері, аурудың белгілері мен синдромдары, диагноз қою принциптері туралы білімдерді қалыптастыру. Этикалық принциптер мен инклюзияны сақтай отырып, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ өзін-өзі бақылау мен жетілдіруді ескере отырып, амбулаториялық жағдайда медициналық құжаттаманы жүргізу.	БП	ЖК	5	ОН4 ОН6 ОН9 ОН10
30	<b>Сәулелік диагностика негіздері</b>	Жасанды интеллектті қолданумен сәулелік диагностика және визуализациялаудың заманауи әдістері бойынша білімдерді қалыптастыру: рентгенография, УДЗ, КТ, МРТ, радиоизотоптық және интервенциялық диагностика, бейнелерді интерпретациялау қағидаттарын игеру, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ҚР заңнамасын сақтау, клиникалық ойлауды дамыту және этикалық стандарттарды ескере отырып, науқасқа орталықтанған тәсілді қолдану.	БП	ЖК	3	ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 12
31	<b>Гигиена және эпидемиология</b>	<b>Интеграцияланған пән:</b> Оқу процесінде қоршаған ортаның әртүрлі факторларын гигиеналық нормалаудың принциптері мен ерекшеліктері туралы дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Өз қызметін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау	БП	ЖК	6	ОН 1 ОН 2 ОН 7 ОН 14

		саласындағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырады. Биорискаларды бағалау үшін педиатриялық қызметте профилактикалық және сауықтыру іс-шараларын жүргізеді. Санитарлық-гигиеналық режим мен еңбек қауіпсіздігі нормаларын сақтайды.				
32	<b>Шет тілі (кәсіби)</b>	Кәсіби өзара іс-қимыл үшін қажетті коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, ғылыми және клиникалық ортада ауызша және жазбаша коммуникацияны жүргізу үшін Кәсіби шет тілін меңгеру, заманауи ақпараттық көздер мен технологияларды пайдалана отырып, қызметті үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз ету.	БП	ЖК	3	ОН 4 ОН 10 ОН 12
